

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 27 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын төлеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 7 ақпандағы № 4 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округі әкімінің "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округі ұйымының жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстеме ақыларын төлеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы" 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 27 шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін:

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 27 шешіміне қосымша 3-тараудың 10-тармағы тармақшалармен толықтырылсын:

9) қызметкерді материалдық жауапкершілікке тарту кезеңінде;

10) қызметкердің еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округінің бас маман-бухгалтерге жүктелсін.

3. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округінің әкімі *Р. Сыздықов*